

№40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің  
№3 хаттамасы

22 маусым 2024 ж.

Ақтөбе қаласы

Қатысқандар саны - 14 адам

Шақырылғандар: -9 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

### КҮН ТӘРТІБІ

1 . №40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің директоры Ж.У.Терекова мектептің өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

##### 1. Серғалиева Р.А.- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, №40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің 2024 жылдың 1 наурызынан – 20 маусым аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Терекова Жанар Утегуловнаға берді.

#### СӨЙЛЕУШІ:

##### Ж.У.Терекова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы»№ 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес №40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс өткізілген №7 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 1 наурызынан – 20 маусым аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, «Мектепте шаңғы санын арттыру керектігін ескертті.

Мектеп директоры Терекова Ж.У. қойылған ескертулер бойынша қазіргі таңда 2023 жылдың бюджеті бойынша 1 жаңа модификациялық физика кабинеті, 1- панельдік тақта, 2 LED экран алынды, ал 2024 жылдың бюджет жоспарында 3-сондай тақта, химия , АӘЖТД кабинет жабдықтарын жоспарланып отырғанын айтты.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Серғазина Р.С өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын атап өтті.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып


















**ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. №40 жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

Кеңес мүшелері:

 Сергалина Р.С.  
 Жаксылык И.С.  
 Баешова Г.С.  
 Утепов Ж.А.  
 Жангазиева А.И.  
 Ескожин М.Б.  
 Оралбай Г.О.  
 Джунербаева Г.М.  
 Бердібекова Л.К.  
 Курмансейітова Г.Ж.  
 Сарькулова А.А.  
 Токтыбаева Д.С.  
 Утеуова А.А.  
 Бахтиярова Й.С.  
 Сәрсенбаева Ж.Ж.  
 Темиргалиева А.С.  
 Шаршарова Г.И.